Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 219-221

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНІҢ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

***Байдалина А. Р., Боранбаев С. А.***

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұлттық ақпараттандыру орталығының тапсырысы бойынша қазақ тілі пәнінен цифрлық білім беру ресурсының жасалу жолдары туралы жазылған.

XXI ғасырдағы білім беруді дамыту стратегиясы ашық ақпараттық білімдік кеңістіктегі ақпараттардың өзара әрекеттестігінің негізінде, мектеп бітірушілерді дайындауға бағытталған «ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасы болуы тиіс. Заңды объективтік процесс ретінде бүгінгі таңда мектеп қабырғаларында оларды дайындау оқытудың жаңа ақпарқатынастық парадигмасы болып саналады.

Оқытудың жаңа парадигмасына өту оқытудың тиімділігін арттыру мен жаппай сапалы білім беруді қамтамасыз ететін педагогикалық және ақпараттық қатынастық технологияларды ұштастыру негізінде электрондық оқыту болып саналады. 2011-2020 жылдарында Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыты болып электрондық оқыту қабылданған.

Оқып үйренетін пән бойынша білім мен біліктілікті меңгеруде электрондық оқыту есебінен танымдық іс-әрекеттегі дәстүрлі оқу үрдісінде, сондай-ақ ақпараттық қоғамда тұлғаның толық құнды өмірі мен іс-әрекетіне қажетті ақпараттық мәдениеттің бөлігі болып саналатын ақпараттық өзара әрекеттің нақты тұрмыстық міндеттерін, тәсілдерін шешу үшін әмбебап ақпаратты іздестіру, сұрыптау, талдау және алынған ақпаратты пайдалану мен ұсынуда өзгерістер болады.

Электрондық оқыту жүйесін (e-learning) құру жеткілікті түрде өзекті міндет болып саналады. Жүйенің мақсаты – жапай сапалы білім беруге бағытталған жақсы білімдік ресурстар мен техногогияларға білімдік процестің барлық қатысушыларының тең қатынас құруын қамтамасыз ету.

Цифрлық білімдік ресурстар Порталға қосылу орнынан тәуелсіз түрде әрбір пайдаланушы үшін ыңғайлы әр түрлі форматтағы ақпарат болып табылуы тиіс.

Цифрлық білімдік ресурстарды педагогтар сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін және анықтамалық материалдар ретінде де пайдалана алатын болады. Цифрлық білім ресурстары оқытушыларға оқытудың әр түрлы мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандарты мен ережелері бар.

Қазақ тілі пәнінен цифрлық білім ресурстарын дайындау барысында сәйкес стандартар мен ережелер толық қамтылды.

Әрбір тақырыптың интерактивті тапсырмаларының берілуі былай көрсетіледі:




Берілген суретте тапсырма нөмірі, ЦБР нөмірі, тақырыбы, қысқаша сөйлемдер, сұрақ және сол сұраққа жауап беретін тірек сөздер көрсетілген.




Келесі суретте тапсырма нөмірі, ЦБР нөмірі, тапсырма нұсқалары және осы нұсқаларды өз ойыңыз арқылы жеткізу жолы көрсетілген.




Цифрлық білім ресурстарын дайындаудың негізі видео-мультимедиалық түсіндіруге сүйенеді. Кез-келген тапсырма диалог ретінде көрсетіледі.

Осы қағидаларды толық қолдана отырып жасалған цифрлық білім беру ресурстары:

1. 9 сыныпқа арналып: Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық әдеби тілі. Қазақ тілінің қоғамдық мәні. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметі, қолданылатын орындары және тағы басқа 46 тақырып;

2. 10 сыныпқа арналып: Сөз мәдениеті. Тіл – рухани қазына. Сөз – адам болмысының айнасы, өмірлік әрекетінің негізгі құралы. Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі. Сөз мәдениеті пәніне қатысты ұғымдар. Тіл – жалпы адамзаттық құндылық. Тіл – этностың рухани мәдениетін жасаудың, дүниені тануының, өзін-өзі сақтауының құралы және тағы басқа 115 тақырып;

3. 11 сыныпқа арналып: Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Шешендік өнердің тарихы. Шешендіктің өнер, ғылым ретінде дамуының бастаулары. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық. Ежелгі Греция мен Ежелгі Римдегі шешендіктану арналары. Ежелгі Греция – шешендіктанудың отаны. Шешендіктің дамуының алғы шарттары тағы басқа 102 тақырыптары бойынша жасалды.